

Бекітемін
Мектеп директоры

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар
I	Ұйымдастырушылық жұмыс		
1.	ҚР БҒМ 27.07.2017 ж № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысу	Дер кезінде	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры Юсупова А
2.	Мектеп дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында «№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» жылдық жұмыс жоспарымен танысу	қазан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3.	Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмектесу	Дер кезінде	Мектеп әкімшілігі
4.	Балалар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында СӨС орталығы, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, дінтанушылармен кездесулер ұйымдастыруға көмектесу	Дер кезінде	Қамқоршылық кеңес мүшелері
II	Қаржылық - қайырымдылық көмек		
5	Мектепке қайырымдылық көмек түрінде түскен ақшалай қаражатты бөлуге қатысу («Білім туралы» ҚР Заңының 61,64 б. сәйкес ақысыз негізде ерікті түрде)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Мектепті дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді, мектеп	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері

	түлектерін тарту.		
7.	Мына бағыттар бойынша қайырымдылық көмектен түскен қаражатты мақсатқа сай жұмсау: мұқтаж оқушыларды әлеуметтік қолдау; мектептің материалдық - техникалық базасын нығайту ; спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;	үнемі	Қамқоршылық кеңес мүшелері
III	Бақылау		
8.	Жетім балаларды , қамқорлықтағы және рейдтің қорытындылары бойынша аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды тексеру нәтижелерімен таныстыру	Дер кезінде	Қамқоршылық кеңес мүшелері
9.	Мектеп оқушыларының құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу	Наурыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
10.	Директордың мектеп қызметі , соның ішінде білім беру қызметтерін сапалы көрсету, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмектің қолданылуы туралы есептерін тыңдау.	Тоқсанына 1 рет	Қамқоршылық кеңес мүшелері
11	Асханада ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог
IV	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырыстары		
12.	I отырыс Күн тәртібінде 1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту 2. Оқушылардың мектепке дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы	28.01.2022ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
13	II отырыс Күн тәртібінде 1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша	08.04.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері

	бірлескен акция 3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі		
14.	III отырыс Күн тәртібінде «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы - ЖБББ қоры есебінен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру	Дер кезінде	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
15.	IV отырыс Күн тәртібінде - Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы - Жылдық есеп	мамыр	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
Ү	Ұйымдастырушылық жұмыс		
16.	Мектептің күнделікті қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік – мәдени, сауықтыру, дамыту іс- шараларын өткізуге көмек көрсету, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу өткізу)	Қыркүйек 2 апта	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп әкімшілігі ДТЖО
17.	Жыл бойы жүзеге асыралытын «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына демеуші тарту жұмыстарын жетілдіру	Қыркүйек 3-4 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
18.	«Жаңа жыл-2023» жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыру және демеушілерді тарту	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог

ҮІ	БҰ қызметі мәселелері бойынша мектеп іс –шараларына, конференцияларға, кеңестерге,семинарларға қатысу		
19.	Оқу жылы барысында іске асырылатын іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу	Қазан 1 - 2 апта	Қамқоршылық кеңес мүшелері
20.	Жалпы мектептептік ата-аналар жиналыстары, қоғамдық тыңдалымдарға қатысу	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңес мүшелері
21.	Оқушылардың өзіндік басқармасы мен Қамқоршылық кеңес органдарының жұмыс мәселелері бойынша директорлар кеңесінің жұмысына қатысу.	Дер кезінде	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры



Бекітемін
Мектеп директоры

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп- интернаты» мемлекеттік коммуналдық
мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» мүшелерінің отырыс жоспары

№	Комиссия мүшелерінің отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	I отырыс Күн тәртібінде 1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту 2. Оқушылардың мектепке дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы	28.08.2022ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.	II отырыс Күн тәртібінде 1. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция 3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі	08.11.2022ж. <i>сәуір</i>	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
3.	III отырыс Күн тәртібінде 1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы 2. ЖБББ қоры есебінен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру	19.03.2022ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері
4.	IV отырыс Күн тәртібінде 1. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы 2. Жылдық есеп	18.05.2023ж.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылық кеңес мүшелері

«№11 санаторий типтес арнаулы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Хаттама

12.06.2022ж

Қаралатын мәселелер:

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің талапқа сай құрылуын қамтамасыз ету, білім саласындағы қамқоршылық кеңестің өкілеттігін жүйелеу мақсатында 5-тарау (Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату)30-тармағы1)тармақшасы(тиісті сланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша)негізінде білім беру ұйымдарындағы бөлімнің 17.10.2019 жылғы №322 бұйрығымен құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамын тарату туралы

Жиналыс барысы:

Қамқоршылық кеңесінің отырысы жасалды.Жиналыс барысында мектеп директоры Айгул Мирзалиевна сөз алды.Өз сөзінде «Облыстық адами әлеуметтік дамыту басқармасы басшысының орынбасары А.Садықованың 10.06.2022 жылғы №25\04-25\2665 хаты негізінде

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің талапқа сай құрылуын қамтамасыз ету, білім саласындағы қамқоршылық кеңестің өкілеттігін жүйелеу мақсатында 5-тарау (Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату)30-тармағы1)тармақшасы(тиісті сланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша)негізінде білім беру ұйымдарындағы бөлімнің 17.10.2019 жылғы №322 бұйрығымен құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамын тарату туралы айтып өтті. Кеңес мүшелері атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық болғанын айтты.

Шешімі:Қамқоршылық кеңесінің құрамы таратылсын.

Жиналыс төрайымы : Юсупова А

25.08.2022жыл

Жиналыс мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, құрамын қайта сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттарымен таныстыру.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Ата-аналар, мектеп ұжымы

Мектеп директоры А.Юсупова

ТЖО: Салибеков О

Әлеуметтік педагог: Ташкараева Ш.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, құрамын қайта сайлау.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары функцияларымен таныстыру.

Тыңдалды: ТЖО Салибеков Омар ағай қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығайтуына, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екенін айтты. Қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттары мен функцияларымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің бағыттары: білім беру, әлеуметтік мәдени, сауықтыру дамыту бағыттарындағы іс-шараларға көмек көрсету. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен жұмыспен қамтылуын жақсарту. Білім беру ұйымдарының қызметіндегі жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу мен білім беру ұйымы басшылығының қамқорлық кеңесі алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі туралы айтты.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Ташкараева Шархия шығып сөйлеп, өз өтініштері бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайлануы тиіс. Кеңес құрамына жергілікті атқарушы және коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, ата-аналар комитеті ұсынған ата-аналары, қайырымдылық жасаушы бар екендігін айтып өтті.

Тыңдалды: Мауленова Гулчехра қамқоршылық кеңесінің төрағасы мектеппен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар, бос уақыты бар кісі керек екендігі айтылды.

Тыңдалды: мектеп директоры Юсупова А. кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілей отырып, осы мүшелердің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, демеушілердің мектептің материалдық базасының нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып Бекбосынов Мухит сайлансын.

2. Қамқоршылық кеңесінің орынбасары: Умарова Айнура

Мүшелері: Абишов Абдисаттар – жеке кәсіпкер

Есболғанова Клара – кәсіпкер

Ильясов Бакытжан – мемлекеттік қызметкер

Жанысбекова Лескул-аудандық әжелер ұйымының мүшесі

Қадірова Жарқынай – кітапханашы

Мауленова Гулчехра – мұғалім, ата-аналар комитеті мүшесі

Тұрдалиев Оңғар – кәсіпкер сайлансын

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.

3. Мектептің материалдық базасының нығайтуына үлес қосу, оның қызметіне бақылау жүргізу қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.

Хатшы:

Ташкараева Ш.

Хаттама №2

Күні: 15.11.2022ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – А.Юсупова
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – О.Салибеков
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9

Күн тәртібінде:

1. 1-тоқсан қорытындысы
2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция
Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Юсупова сөз алды. Өз сөзінде тоқсан қорытындысы жайлы айтты. ДТіЖор-ы Омар Салибеков барлық сныптарда ата-аналар жиналыстары өз дәрежесінде өткенін айтты.

1. 2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция. 2020 жылдың 01 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы экология және биологиялық әртүрлілікті қорғау мәселелеріне қатысты Қазақстан халқына жолдауында биологиялық әртүрлілікті сақтау мен ұтымды пайдаланудың ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту, сондай-ақ бес жыл ішінде орман қорында 2 миллиардтан астам және елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызу бойынша тапсырма берді. Ағымдағы жылдың 21 наурызына «Мекенім – жасыл орманым», «Бұл – менің ағашым», «Парктер шеруі», «Су көздерін ашу, бұлақтарды тазарту», «Таза су айдындары» және «Бірге таза Қазақстан» атты науқандары басталады. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылдың күз, көктем мезгіліне қарай ағаш отырғызу іс-шарасы жүргізіледі. Іс-шараға мектеп ұжымы, еріктілер, оқушылар, белсене ат салысады. Нәтижесінде мектеп ауласына ағаштар отырғызылады.

Сонымен қатар, мектеп еріктілерімен бірге «Ауылымыз бен ауламызды таза ұстайық, ағайын» атты мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында мектеп айналасына гүлдер мен ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

3. Әлеуметтік педагог Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі туралы айтып өтті. Қамқорлығынсыз қалған оқушы бізде жоқ екенін хабарлады.

Шешім:

1.1-тоқсан өз дәрежесінде аяқталды.

2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция өз дәрежесінде өткізілуін үнемі қадағалансын.

3. үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагогтың есебі қанағаттанарлық

Хатшы: Ташкараева Ш



Қамқоршылық кеңесінің отырысының
№3 хаттамасы

Өткізілген күні: «25.03.2023 ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің мүшелері

I. Күн тәртібі:

- 1.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету,көмектерден түскен түсімдер есебі.
- 2.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру

1. Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Ш.Ташкараева сөз алды. «Мектепке жол»акциясының өтілгені жайлы есеп берді.Демеушілер мен ұжымның ұйымдастыруымен өткен акция есебінен 16 оқушы ата-аналар өтініші бойынша қажетті киімдерін алды.

Екінші мәселе бойынша ,қамқоршылық кеңес мүшесі Клара Есболғанова сөз алды. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға ата-ананың жазған өтініші бойынша көмек беруге демеушілер тартуды ұсынды.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Умарова Айнурға ерекше мектеп әкімшілігі мен оқушылар атынан алғыс білдірді.Өйткені ол үнемі оқушыларға өз тарапынан демеушілік жасап отырады.

Шешім: 1.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету,көмектерден түскен түсімдер есебі тыңдалды,қанағаттанарлық
2.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру.Демеушілерді тарту қолға алынсын

Хатшы: Ташкараева Ш.



№ 4 хаттама

Өткізілген күні: «22» мамыр 20203ж.

Қатысқандар: мектеп ұжымы, ата-аналар, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

I. Күн тәртібі:

1. Жазғы кезеңде мектепті ағымдағы жөндеуден өткізуді ұйымдастыру туралы
2. Мектептің қамқоршылық кеңесінің бір жылғы жұмысын талдау.

II. Тыңдалды:

Мектеп директоры : бірінші сөзді мектеп директоры А.Юсупова алды. Ол өз сөзінде мектептің шаруашылық-қаржылық қызметі және жазғы кезеңде мектепті жөндеуді ұйымдастыру туралы айтты. Оқу кабинеттерін, спорт залын, шеберхананы және т.б. ағымдағы жөндеу жоспарлануда.

ҚК төрағасы Бекбосынов Мұхит сөз алды: 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы әңгімеледі: «Мектепке жол» акция сәтті өтті; Бұл көп балалы отбасына материалдық көмек көрсету; жаңа жылдық іс-шараларды өткізу: балаларға тәтті сыйлықтар сатып алу; мектеп жанындағы учаскені көгалдандыру және т. б. жалпы мектептік іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсетті. Мектепті басқарудағы ҚК рөлі маңызды. Мысалы, ұйымдастырған Жаңа жылдық кеште мұғалім Гуля Сүйіндікованың қайырымдылық жасауымен Шымкент қаласынан аниматорлар жіберді және бастауыш сынып оқушыларына сыйлықтар үлестірілді, педагогикалық кеңестерге қатысты, сыныпаралық ата-аналар жиналысына қатысты, жопарлы жұмыс отырысын өткізді. Жоспарланған барлық іс-шаралар, отырыстар, қайырымдылық акциялары өткізілді..

III. Шешім:

1. Мектептің жұмыс жоспары мақұлданын.
2. 2022-2023 оқу жылы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қанағаттанарлық деп есептелсін.

Хатшы:

Ш.Ташкараева

